

**MATERIALS
OF THE XVIII INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND
PRACTICAL CONFERENCE**

**PROCEEDINGS OF ACADEMIC
SCIENCE - 2022**

August 30 - September 7, 2022

Volume 3

SHEFFIELD
SCIENCE AND EDUCATION LTD
2022

SCIENCE AND EDUCATION LTD

Registered in ENGLAND & WALES Registered Number: 08878342
OFFICE 1, VELOCITY TOWER, 10 ST. MARY'S GATE,
SHEFFIELD, S YORKSHIRE, ENGLAND, S1 4LR

Materials of the XVIII International scientific and practical Conference
Proceedings of academic science - 2022 , August 30 - September 7, 2022:
Sheffield. Science and education LTD -56 p.

Date signed for printing ,
For students, research workers.
Price 3 euro

ISSN 2312-2773

© Authors , 2022

© SCIENCE AND EDUCATION LTD, 2022

ECONOMIC SCIENCE

Foreign economic activity

Залесский Борис Леонидович

Белорусский государственный университет

ВАЖНО ПРОДОЛЖАТЬ СИСТЕМНУЮ РАБОТУ ДЛЯ НОВЫХ ПРОЕКТОВ

В августе 2022 года в Минске состоялось девятое заседание совместной межправительственной комиссии по двустороннему сотрудничеству между Беларусью и Узбекистаном, участники которой отметили важность продолжения системной работы для новых перспективных совместных инициатив, чтобы общими усилиями в ближайшие годы достичь кратного увеличения объемов взаимной торговли. Напомним, что «в 2021 году товарооборот Беларуси и Узбекистана составил \$301,9 млн и увеличился к уровню 2020 года на 7,8%, экспорт – \$245,4 млн (рост на 3,3%). Сальдо положительное – \$188,9 млн» [1]. Основными позициями белорусского экспорта в 2021 году стали мясо и мясопродукты, лекарственные средства, полимеры винилхлорида, сухое молоко, диагностические реагенты, вакцины, сыворотки из крови, древесно-стружечные плиты, сыры и творог. В первом полугодии 2022 года белорусско-узбекский товарооборот превысил 190 миллионов долларов и увеличился почти на 40 процентов. При этом положительное сальдо с белорусской стороны составило 100,7 миллионов долларов. Сейчас стороны видят реальную возможность по достижению взаимного товарооборота в 500 миллионов долларов. В этой связи Беларусь готова увеличить поставки продовольственных и сельскохозяйственных товаров, дорожно-строительной, коммунальной и специальной техники, карьерных самосвалов, продукции деревообработки, нефтехимии, фармацевтики, медицинской техники.

Что касается промышленной кооперации и создания совместных производств, то всего «в Узбекистане уже зарегистрировано 103 организации с белорусскими инвестициями, а также действуют представительства ООО “Автопромснабспедишн”, ООО “Софтклуб”, ООО “АмантисМед”, ООО “Белвитунифарм”» [2, с. 23]. В 2022 году хорошим результатом совместной работы можно считать выпуск техники на базе шасси Минского автомобильного завода. «Если до недавнего времени осуществлялась только надстройка на готовые машинокомплекты, то в апреле этого года был представлен первый самосвал МАЗ, собранный в Узбекистане. Имеются все возможности обеспечить высокую локализацию этого производства» [3]. Ведется работа по возобновлению производства белорусских тракторов в Узбекистане. А «БЕЛАЗ готов поставить Узбекистану совершенно новые модели техники для перевозки горных масс, которые отличаются как высокой экологичностью, так и эффективностью» [4]. Предприятие "Белкоммунмаш" заинтересовано принять участие в развитии узбекской транспортной инфраструктуры и совместно реализовать инициативы по запуску экологически чистого пассажирского транспорта. Белорусские специалисты готовы предложить комплексное решение по созданию эффективной и безопасной системы общественного электротранспорта: от строительства необходимой инфраструктуры до поставок самых современных моделей техники.

Увеличились показатели между двумя странами и в области агропромышленного комплекса. За шесть месяцев 2022 года рост оборота сельскохозяйственной продукции вырос как в экспорте, так и в импорте. «В Узбекистан экспортируются мясопродукты, молочные продукты и детское питание. Импорт представлен в основном овощебахчевой продукцией, виноградом, сухофруктами, орехами» [5]. А для растущей животноводческой отрасли Узбекистана белорусская сторона готова организовать поставки высокопродуктивных премиксов с выходом на совместное производство комбикормов в этой стране Центральной Азии.

Говоря о белорусско-узбекском сотрудничестве в фармацевтической отрасли, следует сказать, что белорусские инвесторы в Ташкенте успешно реализуют проект по производству антибиотиков с широким спектром действия. Белорусский холдинг "Белфармпром" с коллегами в Узбекистане прорабатывает возможность создания совместных производств по выпуску медицинских препаратов по непересекающимся позициям. В сфере строительства стороны заинтересованы в совместном проектировании инфраструктурных объектов Узбекистана, промышленных зданий, объектов здравоохранения, в том числе фармацевтической промышленности. Узбекская сторона проявляет интерес к белорусской продукции деревянного домостроению. Учитывая активно развивающийся в Узбекистане туристический сектор и его потребности в экологически чистых жилых объектах, то сотрудничество в этом направлении весьма перспективным.

Интересные белорусско-узбекские проекты осуществляются и в образовательной сфере. В частности, сейчас Барановичским государственным университетом совместно с Самаркандским государственным университетом и Джизакским государственным педагогическим институтом выполняют программы "двойных дипломов". Предполагается, что студенты и магистранты будут обучаться в БарГУ и в вузах-партнерах на основе белорусского и зарубежного положительного опыта. «Набор планируется осуществлять по специальностям "практическая психология", "дошкольное образование", "психология", "экономика"» [6]. А Брестский государственный технический университет будет сотрудничать с Бухарским инженерно-технологическим институтом. В июле 2022 года вузы подписали соглашения о сотрудничестве, чтобы взаимодействовать в организации переподготовки и повышения квалификации преподавателей из Бухары в Бресте. «Начнем с этого, дальше сможем сотрудничать по первой и второй ступеням высшего образования» [7]. Институт в Бухаре – крупный учебный и научный центр в Узбекистане.

Обучение ведется на восьми факультетах, высшее образование получают более 11 тысяч студентов по 30 направлениям бакалавриата.

Литература

1. Головченко и Арипов обсудили наращивание товарооборота Беларуси и Узбекистана [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/golovchenko-i-aripov-obsudili-naraschivanie-tovarooborota-belarusi-i-uzbekistana-520574-2022/>
2. Залесский, Б. Ориентация – на результат. Реализация возможностей международных экономических связей / Б. Залесский. – LAP LAMBERT Academic Publishing, 2022. – 76 с.
3. АПК, промкооперация, строительство. Заяц о планах взаимодействия с Узбекистаном [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/apk-promkooperatsija-stroitelstvo-zajats-o-planah-vzaimodejstviya-s-uzbekistanom-520299-2022/>
4. Промкооперация, поставки техники, деревообработка. Беларусь и Узбекистан обсудили взаимное сотрудничество [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/promkooperatsija-postavki-tehniki-derevoobrabotka-belarus-i-uzbekistan-obsudili-vzaimnoe-520492-2022/>
5. Беларусь и Узбекистан обсудили вопросы дальнейшего сотрудничества в сфере АПК [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/belarus-i-uzbekistan-obsudili-voprosy-dalnejshego-sotrudnichestva-v-sfere-apk-520545-2022/>
6. БарГУ разрабатывает совместными образовательными программы с узбекскими партнерами [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/regions/view/bargu-razrabatyvaet-sovmestnye-obrazovatelnye-programmy-s-uzbekskimi-partnerami-520325-2022>
7. БрГТУ будет сотрудничать с Бухарским инженерно-технологическим институтом [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/regions/view/brgtu-budet-sotrudnichat-s-buharskim-inzhenerno-tehnologicheskim-institutom-514381-2022/>

Marketing and management

Lutfullayeva Rano Akhmedzhanovna

candidate of economic sciences, Associate Professor of the Department «Economics and Management», Kazakhstan University of Innovation and Telecommunication Systems, Almaty, Kazakhstan

SITUATIONAL PREREQUISITES OF THE RESTRUCTURING PROCESS IN THE SYSTEM OF ECONOMIC UNCERTAINTY AND MANAGEMENT

The crisis of everyday management approaches, apparently, cannot be investigated in the form of a general and clearly manifested phenomenon. The inadequacy of current management to market requirements was found, first of all, in advanced countries, most focused on American management theories and practices. Japanese and West German enterprises, which creatively adopted the American experience and adapted it to their national characteristics, were able to create highly effective strategic management systems that forced many to look at intra-company management differently [1, 2, 3].

Many economists perceived this as a kind of modification and called strategic planning strategic management. However, this cannot be simplified to management modification, because strategic management should be considered as its qualitatively new level, as a new management philosophy.

The paradigm of strategic management is called in the economic literature of the United States «silent management revolution». Apparently, there are concrete reasons for this, since the main provisions of the new paradigm can be applied in management practice without immediately breaking and destroying existing mechanisms and structures, while enriching them and consistently adapting them to new conditions. Exploring this aspect of the paradigm under consideration, L.I. Evenko in the introduction of the work of I. Ansoff's «Strategic Management» notes that due to the complexity of the external environment of the enterprise, the technologies on which its activities are based are increasingly moving away from the principles of managerial rationalism and are forced, first of all, to think about the adaptability of their in-house systems [4].

One of the key competencies of corporate management in market conditions is the ability of enterprises to train and manage the knowledge of their employees. It is no coincidence that the idea of strategic management «Management training» (Management by Learning) has recently become particularly popular. The basis of this concept consists in organizational knowledge, defined as a written set of principles and rules that informatively ensure the processes of managerial decision-making, behavior and actions of individuals of the enterprise. ...Knowledge is proposed to be considered as a separate most important source of the key abilities of the enterprise [5].

Competitiveness on the world market is an indicator of the pace of development of an economic entity, the effectiveness of its production, financial and commercial activities, and, of course, the amount of accumulated knowledge. In this regard, one of the tasks of strategic management is to transform accumulated knowledge into competitive advantages. At the same time, it is necessary to achieve such a position in the enterprise that knowledge is acquired regardless of current tasks, as it can reduce the likelihood of knowledge development.

There are a number of categories of knowledge [5]: «to know how, why and what», which make up practical, theoretical and strategic knowledge.

Now let's move on to one of the ways of strategic management, acting in the context of strategic planning - enterprise restructuring. The reform of the enterprise is quite difficult, quite painful for employees, and naturally, this cannot be done in a short period, because it is necessary to conduct thorough preparation, analysis, development of the program algorithm, i.e. the development of a reform strategy.

In Table 1, based on the comparative characteristics of various control systems, an algorithm for the phased development of planning is given.

Table 1 - Comparative analysis of the characteristics of control systems

Values	Budgeting	Long-term planning	Strategic planning	Strategic management
Assumptions	Repetition of the past	Trends are unchanged	New trends	Incomplete predictability
Types of changes	Lags behind the reaction of the enterprise	Comparable to the reaction of the enterprise		Ahead of the company's reaction
Processes	Cyclic			Real time

The basis of management	Deviation control	Foreseeing the possibilities of increasing	Changing the strategic goal	Accounting for market development and the environment
Emphasis on management	Stability/reactivity	The ability to anticipate	Analysis	Creative approach
Period	since the 1900s	since the 1950s	since the 1970s	since the 1990s
Note – compiled by the author on the basis of the conducted research				

It can be seen from the presented table: the control systems under consideration, in general, are focused on an increasing level of environmental instability and an ever lower predictability of future phenomena.

As can be seen, the evolution of management systems is considered as a reaction to the complexity of management tasks [6].

The concept of restructuring has been described since the early 90s. The processes of studying and developing strategic management and restructuring went on simultaneously. In the conditions of increasing competition, strategic management has implemented, in general, its functions, but global reforms have required new approaches to the functioning of the enterprise. In this case, strategic management acted as the basis for the development of restructuring.

Speaking about the concepts of «strategic management» and «restructuring», it should be noted that their connecting link is strategic planning. And this is natural: the development of plans is an integral part of the life of any enterprise.

Consider the essence and differences of these concepts.

We have shown above that strategic management is a system of entrepreneurial management of an enterprise's activities, focused on the development of strategies designed, among other things, for evaluating and taking into account future transformations in everyday decisions and providing the enterprise with methods for implementing selected strategies. The end result of strategic management is to ensure not only survival, but also the achievement of sustainable development of enterprises in the long term.

A distinctive point of the analysis of strategic management is that it is unacceptable to investigate restructuring as an enterprise strategy. «Those who turn

restructuring into a strategy inevitably doom themselves to death, in recent years many have died such a death» [7].

That is, it can be argued that restructuring is only a component of the strategy and acts as its consequence.

A distinctive point of the analysis of strategic management is that it is unacceptable to investigate restructuring as an enterprise strategy. «Anyone who turns restructuring into a strategy inevitably condemns himself to death, in recent years many have died such a death» [8].

That is, it can be argued that restructuring is only a component of the strategy and acts as its consequence.

Within the framework of strategic management, the main basic strategies of the enterprise are determined. Restructuring can only act as a project component of these strategies, i.e. because the restructuring of an economic entity, as we have indicated above, is not an enterprise strategy, but manifests itself as its consequence.

Although there are a lot of strategies aimed at survival, self-destruction, etc., their last stage is the need to restructure the enterprise (Figure 1).

This approach makes it possible to identify the need to attract (in order to implement the restructuring program) different models and methods, within the framework of optimally structured processes, the stages of which must necessarily undergo research on the financial and economic activities of an economic entity, to develop a restructuring concept.

In the current realities of the Kazakh economy, economic entities are characterized, in general, by any of two survival strategies - the strategy of active survival and the strategy of passive survival in existing conditions.

When using a passive survival strategy, enterprises are engaged in reducing the share of costs by reducing production volumes, reducing the technological level, reducing employment and wages, using state subsidies and subsidies, non-payments to all creditors.

The strategy of active survival, on the contrary, is characterized by the following features: constant search for new market niches, updating the assortment, increasing marketing costs, reducing primary costs (consumption of gas, energy, water, etc.) based on the introduction of advanced technology, restructuring of non-profitable types of production, reduction of non-payments, search for new organizational

structures. An active survival strategy is based on stabilization (or weak growth in production volumes).




Figure 1 – General scheme of the restructuring process

Note – compiled by the author on the basis of the conducted research

One of the main obstacles to the implementation of an active survival model is an acute shortage of own working capital, the lack of the possibility of covering it with a loan.

Although, in fairness, it should be noted that even many economic entities with generally favorable financial condition have a shortage of their own resources for investment projects, and the implementation of their planned modernization is carried out due to the formation of new debts.

Experts note that a formalized approach based on standard criteria for evaluating the production and financial activities of enterprises does not allow for an unambiguous answer about their solvency, moreover, quite a large part of them will be characterized as an enterprise having an unsatisfactory economic condition. Hence, there is a need for market institutions and markets to analyze economic entities not only from the standpoint of standard performance criteria. It is necessary to find adequate criteria for assessing the production and financial activities of economic entities in order not to miss the prospects for their development.

The assessment of the enterprise is carried out on the basis of many factors and sources, primarily on the materials of annual reports (Although, it must be admitted that the reporting itself appears, most likely, as statistical material for the past time on some historical date, rather than operational financial and economic information. Nevertheless, it is very significant).

The elements of accounting statements are the foundation for creating financial criteria for bringing together a large information array that is difficult to compare. The criteria developed on this basis make it possible to analyze the production and financial activities of the enterprise for the reporting and previous periods, make forecasts for the future, as well as compare with other similar enterprises in the industry.

Today, the established practice is such that enterprises are forced to submit to various authorities disparate and often disorienting information about their activities.

However, even if we imagine a situation in which economic entities would provide objective and complete information, the financial methods of analyzing the production and financial activities of enterprises in the current realities would remain imperfect. The explanation for this is the following circumstances.

Firstly, financial criteria are always aggregate. Hence, it is clear that the final results obtained can fluctuate significantly, while the general characteristics of the market situation are able to neutralize specific factors concerning certain economic entities.

Secondly, the presence of such factors suggests that everyday production and financial activities and market assessments are not able to objectively show the possible degree of stability and potential of an economic entity. Therefore, there is a need to separate uncharacteristic indicators of the state of an economic entity from the general information array on the market.

This approach, based on a thorough analysis of information, allows us to develop alternative methods that can provide criteria for the successful survival of enterprises in a market economy.

In a number of literary sources on the problems of enterprise restructuring, general and characteristic aspects and their interrelation are considered. However, it should be noted that the transformation of management structures or detailing itself does not change anything, which indicates the need for a systematic approach to restructuring processes based on in-depth analysis and fundamental transformation of the enterprise. Within the framework of the second chapter, we will propose a list of organizational issues and develop an algorithm for organizational processes of enterprise restructuring, the implementation of any of them will entail the involvement of another, and in general, a systematic approach to restructuring processes.

Restructuring is an integral part of the company's life, necessary hygiene, without which the business loses its ability to survive. It is difficult to disagree with the above concept, because it complements and explains the definition.

In the mentioned work, the restructuring process is investigated in the form of an unbroken sequence of three stages: At the first stage, an economic model of the enterprise is built. Researchers compare this model with the cardiovascular system of the human body, which provides circulation of the resources necessary for its functioning.

The second stage of restructuring implies the construction of the skeleton of the enterprise. The creation of a physical infrastructure is aimed at bringing the physical components of the enterprise into compliance with both the economic model and production processes. The authors note that, identical to the human skeleton, the physical infrastructure is characterized by a protracted adaptation to the requirements of the whole organism and the surrounding world, while often accompanied by the necessary painful procedures.

At the final stage of restructuring, the working architecture of the enterprise is being rebuilt. This includes the reorganization of production and technological processes in order to meet the highest goal and indicators of the enterprise.

There are many ways to restructure an enterprise, including those related to: reorganization of an economic entity (related to a change in its organizational and legal form); reorganization of the organizational structure of management of an economic

entity; technological reorganization; reengineering of business processes; bankruptcy of an economic entity; debt restructuring and others (Figure 2).

As you can see, all methods of restructuring are reduced to changing the structure of something.

The researchers note that there are also approaches of direct and indirect impact on an economic entity: with direct impact on an economic entity, restructuring appears to be the initiative of top managers of the enterprise, owners, etc. That is, the initiative for transformation flows directly from the enterprise.




Figure 2 - Classification of restructuring methods
 Note – compiled by the author on the basis of the conducted research

Speaking about the essence of restructuring, it is impossible to do without identifying the factors that determine the method of restructuring.

A system of factors influences any process in different directions.

The system is a set of interrelated elements that exist in relations with each other, forming a holistic education. A factor is a fundamental circumstance in any process. At the same time, the elements of the system are level 1 elements - methods of restructuring and level 2 elements - factors.

The process is understood as the work of an economic entity, and the circumstances that manifest themselves within the process are factors. The factors are specific and grouped by each method - which determines the relationship of the elements of level 2 purposefully for each method.

The main prerequisites for reforming the enterprise are:

1. The presence of an inefficient enterprise management system. This may be due to the absence of: enterprise development strategies; personnel with market thinking, inefficient financial management.

2. Insufficient size of the authorized capital of joint-stock companies.

3. The need to develop an effective mechanism for collecting debtors.

4. Unbearable costs for the maintenance of socio-cultural facilities and housing and communal services.

5. Low investment attractiveness.

Thus, restructuring is a complex process aimed at removing an economic entity from a problematic situation. It affects all areas of the functioning of an economic entity: from its production and financial activities and ending with the organizational culture of the economic entity.

Thus, restructuring is the implementation of a set of actions to improve management, increase production efficiency, form competitive advantages, reduce production costs, and improve final results.

List of sources used:

1. Seetharaman P. Business models shifts: Impact of Covid-19 // International Journal of Information Management, 2020, vol. 54, no. 102173.
2. Wilson D. Small Business Crisis Management Strategies. Walden University, 2016. 114 p.

3. Braun B. Preparedness, crisis management and policy change: The Euro area at the critical juncture of 2008-2013 // *The British Journal of Politics & International Relations*, 2015, vol. 17, pp. 419-441.
4. Spillan J., Hough M. Crisis planning in small business: Importance, impetus, and indifference // *European Management Journal*, 2003, vol. 21, pp. 398-407. DOI: 10.1016/S0263-2373(03)00046-X.
5. Wilson D. *Small Business Crisis Management Strategies*. Walden University, 2016. 114 p.
6. Doern R. The experiences of small businesses during the London 2011 riots // *International Small Business Journal*. 2016, vol. 34, no. 3, pp. 276-302.
7. Baily M.N., Bosworth B.P. US manufacturing: Understanding its past and its potential future // *The Journal of Economic Perspectives*, 2014, vol. 28(1), pp. 3-26.
8. Клейнер Г.Б. Системный ресурс Стратегической устойчивости экономики // *Научнотехнические ведомости СПбГПУ. Экономические науки*, 2015, № 4(223), с. 10-24.

PEDAGOGICAL SCIENCES

Problems of training of specialists

Саулебек Нұрай Қазбекқызы

7M01513 – Биология мамандығының 2-курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Педагогикалық колледжінің білім алушыларына биологияны оқытудағы білім жүйесін құрастырудың өзектілігі қазақстандық білім беру жүйесінің қазіргі кезде модернизациялау кезеңінде және биологиялық білім жүйесін құрастырудың заманауи әлемнің қоғамдық өмірінде маңызды болғанына тікелей байланысты. Әлемде болып жатқан радикалды өзгерістер білім беруге қоғамдық талаптардың өзгеруіне және оларды қанағаттандыру қажеттілігіне әкеледі. Бұл инновациялық үдерістердің жүзеге асырылуына септігін тигізеді [1].

Қазақстан Республикасында білім беру барысында биологиялық білім жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес биологиялық білім жүйесі - білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіби бағдарлары үшін жағдай жасау, білім алушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, білім алушылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі [2,14-16 б] деп атап көрсетілген.

Педагогикалық теория мен тәжірибе заманауи ғылымда болып жатқан интеграциялық үдерістерді толық түрінде бейнелейді, олар пәнаралық байланыстардың күшеюіне аралас ғылыми пәндерінің негіздерін интеграциялап құрастырудан көрінеді. Биологиялық білім жүйесін қалыптастыру бағдарына ұқсас объектілер мен таным әдістері бар пәндерден қалыптасатын «биологиялық білім жүйесі» сөзі көптеген жағдайда интеграцияналды теңдеулермен бейнеленеді.

Нақты объектілеріне қарай ғылымдар жаратылыстану, гуманитарлық, техникалық болып бөлінеді. Ғылыми білім құрылымында арнайы орынды математика алады, себебі математика ғылымы оқытатын заңдылықтар

бейнеленбейтін материяның салалары жоқ, әсіресе құрылым қасиеті жоқ және философия адам болмысының негізгі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғам мен рухани өмірге қатынасының жалпы маңызды сипаттамалары туралы білім жүйесін жасайтын әлемді тану мен қоғамдық сананың ерекше формасы болып табылады [3].

Философия жеке оқу пәні ретінде жалпы білім беретін оқу орындарының оқу жоспарына енбейді.

Ғылымдардың әрқайсысы жеке бейін түзе алады (биологиялық, математикалық, географиялық және т.б.) Бірақ бейіндік білім берудің міндеттерінің бірі жоғары оқу орнына түсуге даярлық, сондықтан бір ғана пәнді күшейту дұрыс емес.

Қазіргі кезде педагогикалық колледж студенттеріне оқытылатын пәндерді таңдаудың екі тәсілі бар – біріншісі - білімдерлік жіктеу, екіншісі-білім алушылардың қалауы бойынша жеке оқу жоспарларын құру. Ғылымдарлық жіктеу - бұл жеке оқу жоспарларының негізінде биологиялық жүйе құрастыруға бағытталған пәндердің әртүрлі болуының мүмкіндігін білдіреді. Бұл жеке оқу жоспарын құрудың негізгі өлшемдері болып табылады. Білім алушылардың қызығушылықтары білімнің нақты саласындағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру міндеттерімен сәйкес анықталады.

Ғылымдарлық талдау негізінде биологиялық білім жүйесін қалыптастыру мәселесі бойынша ғылымдарлық талдаудың 2 түрін бөліп көрсетуге болады: пәннің сала ішілік (циклдік), сала аралық (цикларалық). Бұлардың әрқайсысы биологиялық білім жүйесін қалыптастыруға ұсынылуы мүмкін. Тәжірибелік байланыстырудың құрамына ене алатынын кейбір пәндер арқылы қазіргі интеграция курстарынан көруге мүмкіндік бар. Мәселен «биология» оқу пәніне әкелетін физиология, экология негіздері мен ботаника, анатомия, адамның физиологиясы мен гигиенасы, валеология генетика және т.б. атап өтуге болады [4, 20-23 б.].

Мынандай сұрақ туындауы мүмкін: бұл ғылымдардың білім беру жағдайында жеке оқу пәндеріне бөлінуі қаншалықты маңызды? Циклдік және циклдаралық байланыстар негізінде бейіндерді қалыптастыру маңыздырақ.

Әрбір циклдың пәндік танымы кең болатындықтан олар циклішілік бейіндерге бөлінеді (мәселен химия-биология, химия-физика және т.б.) бірақ бұл циклралық бейіннің болу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Бұл өз кезегінде педагогикалық колледжінің білім алушыларына биологияны оқытудағы білім жүйесін құрастыру мақсатына жету жолдарының бірі болып табылады. Биологиялық білім жүйесін құрастыру тұжырымдамасына сәйкес білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қабілеттерін, сапалы білім беруді толығымен қанағаттандыруға бағытталғандығы зерттелген [5].

Жүргізілген зерттеулерге талдау жасау арқылы педагогикалық колледж студенттеріне биологиялық білім жүйесін құрастырудың маңызды сипаттамаларын айқындауға мүмкіндік берді. Колледж студенттеріне білім берудің педагогикалық жүйесі ресурстарды пайдаланудың тиімділігін, сапасын және қолжетімділігін көздейді.

Отандық және шетелдік тәжірибелерге талдау жасау, биологиялық білім жүйесін қалыптастыру жүйесінің негізі саралау екенін көрсетті. Саралауды оқытудың теориялық негіздерін қалыптастыру мүмкіндіктерін В.В. Степаненковтың [6], А.Д.Ерентуева [7] психологиялық-педагогикалық зерттеулері алдыңғы орынды иеленеді. Педагогикалық колледждің білім алушыларына берілетін білім, олардың жеке мүмкіндіктері мен білім алуға қажеттілігіне сай болуын қарастырады. Оқытудағы білім сапасы, жеке тұлғаның бойында қалыптасқан талаптарына сай білім беру нәтижесі болуын қарастырады. Білім берудің тиімділігі, білім мазмұнын жеткізу құралдарына сай нәтижелі болатынын қарастырады.

Білім алушылардың жеке тұлғалық бейімділігін, қабілетін, кәсіпті иеленуге деген қажеттілігін толық қанағаттандыру үшін, білім берудің қолжетімділігі мен заманауи білім беру үшін ерекше педагогикалық жүйе қажет, ал оның өзі мынадай қағидаларға негізделеді: дифференциациялау, интеграциялау, вариативтілік, оқытуды даралау, дамытушылық, биологиялық білім жүйесін құрастырудың іс-әрекеттік сипаты .

Педагогикалық колледжінің білім алушыларына биологияны оқытудағы білім жүйесін құрастыру арқылы оқытудың тағы бір маңызды қағидасы оның *дамушы, іс-әрекеттік* сипаты болып табылады. Ол білім беру мазмұнының практикалық бағытталуы мен оны меңгеру әдістерінің белсенділігінен құралады.

Бұл қағиданы жүзеге асырудың көмегімен оқытудың әлеуметтенген бағытына және түлектерді ары қарайғы еңбек қызметіне дайындық жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мадгужа А.Г., Нурлыбекова А.Б., Т. Р. Нурмухамбетова. Теоретико-методологические основы исследования ценностного отношения к здоровью //Электронный научно-образовательный вестник «Здоровье и образование в XXI веке». №10, (Т 8). – Шымкент, 2006
2. Пирожков Г. П. Краеведческое образование как составляющая культурологической подготовки специалиста: автореф. дисс. докт. пед.наук: 24.00.01. -Краснодар, 2006. -С 24.
3. Зейналов Г. Г., Рябова Е.В. Миронов В.Ю. Экологическая культура и пути ее формирования: региональный аспект проблемы // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. -2013. -№3. -С.17-20
4. Дауылбаева Н.Н. Өлкелік компонент, оның маңызы мен мүмкіндіктері // Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдар академиясы» қоғамдық қоры халықаралық ғылыми – практикалық конференциясы, Нұр-Сұлтан, 2020.-69-71
5. Хрусталева С.Ю. Роль регионализации биологического образования и творческой деятельности в решении задач современного образования // МНИЖ. -2015. -№7-6 (38). -С.74-75
6. Казиева А.Н. Роль краеведения в школах Казахстана// Вестник КазПНУ Им Абая. Серия педагогическая.-2015.-№3(47).-С.49-53
7. Репринцева Ю.С. Особенности ориентации старших подростков на содержание регионального компонента образования как на ценность [Текст].- //Молодой ученый. - 2011. - № 2. - Т.2. - С. 109-113.

ӘБІШЕВА АРАЙЛЫМ ҚҰРБАНБАЙҚЫЗЫ

7M01513 – Биология мамандығының 2-курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

TULIPA L. ТУЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Біз қызғалдақ туралы алғаш рет ежелгі парсы ақындарының өлеңдерінен кездестіреміз. Алғашқы мәдени қызғалдақтың ататегі қай түр екенін айту қиын, мүмкін, бұл қызғалдақтардың арғы тегі деп – Турцияда, Қара теңіз жағалауында, сонымен қатар Қазақстанның орталық аймақтарында өсетін Шренк қызғалдағы (*Tulipa schrenkii*) болар. Қызғалдақ Персиядан Түркияға келген, онда оны «Лале» (түрікше *Lale*) деп атаған. Осы өсімдіктерді сұрыптау алғаш рет Түркияда басталды. XIV ғасырда қызғалдақтың 300-ге жуық сорты белгілі болды [1-3].

Осман империясында қызғалдақтың жаңа дәуірі басталған кез еді. Сұлтандардың аула – бақтарды тек осы жауқазынға жайқалып тұрушы еді. Қарапайым жұрт бұл гүлді сәлдесіне, қыз – келіншектер кимешегіне іліп алатын. Бұл бір жағынан әдемілікті сипаттаса, екінші жағынан асқан байлықтың белгісі еді. Енді ше, қызғалдақ сол Осман сұлтандарының тұсында – ақ әлемдегі ең қымбат гүлге айналып шыға келді емес пе? Сонау Қаратаудың етегінен осы қызғалдақтың пиязшығын әкелу үшін түріктер ұзын керуендер жіберетін. Өте қымбат гүл ұрықтарын алып, теңселіп келе жатқан бұл керуендерге жолай қарақшылар тиісетін. Көпестер қайтпай қалған сайын қызғалдақтың бағасы шарықтай беретін.

Сұлтан Сүлейменге дипломатиялық миссиямен келген Австрия елшісі сарай уәзірінің бірінен баскиіміне қондырып алған әдемі гүлдің атауын сұрайды. Немісше түсіне бермейтін түрік шенеунігі басындағы сәлдесі қандай матадан жасалғанын сұрап тұрған болар деп түсінеді де, бас киімнің материалы «тюлбенд» деген сөзді қайталап айта береді. Осы атау – кейін Еуропаға «тюльпан» болып жетті деседі.

Еуропаға қызғалдақ алғаш рет XVI ғасырда келді. Еуропалықтар алғаш рет қызғалдақпен Византияда танысты. Византия империясының мирасқоры –

Түркияда қызғалдақ күні бүгінге дейін мемлекеттік нышандарының бірі болып саналады.

Қызғалдақ ақырындап Еуропаның әр жеріне тарала бастады. Венеция көпестері Еуропаға Түркия гүлзарларынан қызғалдақ пиязшықтарын әкелді, ал белгілі ғалым Ключиус достарына қызғалдақ тұқымы мен пиязшықтарын салып жіберу арқылы қызғалдақтың таралуына себепші болды. Ол қызғалдақтарды Венадан Англияға жіберіп, кейінірек оларды Нидерландыға әкелді. Ключиус қызғалдақпен айналысуға біржола ден қойып, сол кездегі белгілі сорттарын түгел жинай бастады. Оның ісін көптеген бай веналық бағбандар қолдап, Түркиядан қызғалдақ пиязшығын көп ақшаға сатып ала бастады. Бұл әуестік өте қымбатқа түсті, сондықтан оны тек бай адамдар ғана ала алатын еді.

Қызғалдақтың екінші отаны – Голландия, бұл жерге 400 жыл бұрын тараған. Осман империясына, Еуропаның шығысына жауқазынның қалай тап болғанын түсіндік. Ал Голландияға қызғалдақ қайдан келген? Аңыз бойынша австриялық елші Константинопольде көздің жауын алған осы қызғалдақтың бірнеше пиязшығын ешкімге көрсетпей, дорбасына салып алады. 1560 жылы елші Венаға сол гүлдің бірнеше пиязшығын ала келіп, ботаник досы Клаузиусқа сыйға береді. Араға біршама уақыт салып, Клаузиус қызғалдақ пиязшығын Голландияның оңтүстігінде орналасқан қалаға алып келген. Аңызға сенсек, «қызғалдақтар еліне» алғашқы қызғалдақ осылайша жеткізілген екен.

Жаңа түрлердің бағасы бұрынғыдан да құбылып шарықтай түсті. Сол кезеңдерде бұл гүлге деген ықылас сонша, бір – бірінен шамалы – ақ айырмасы бар екі гүлдің бағасының ара – салмағы жер мен көктей болды. Бұл заманда қызғалдақтың ақ күлтесіне қызыл дақтар тамғандай, әдемі түрі сәнге айналды. Жауқазын неғұрлым ақ, неғұрлым қызыл меңлі оюы әдемі, соғұрлым қымбатқа бағаланады. Голландықтар осындай бір гүлді алу үшін өздері тұратын үйлерін айырбастауға дейін барды, сол үшін жерлерін де сатты, тіпті қоймадағы астықтарын да беріп жіберді.

Қызғалдақтың әлгі түрі – Семпер Аугуста сорты еді. Оның бір түйір ұрығы 3500 гульденге сатылды. Қазіргі ақшамен алапат сомма бұл дегенің. Бұған қолдары жетпегендері сандарын соғып, өкініштерін кәдімгідей білдірді. Ұрықтың бағасы өскені сонша, үйін берем деген жалбарынды, айтқан бағасына қиналып көнбесе, бағбанға аты мен арбасын қоса сыйлап жібергендер болды.

Қызғалдақ көктемде гүлдейді ғой. Ал сауда сол қызғалдақтың гүлі жоқ күзде, қыста да қызу жүріп жатты. Бағбандар менің қызғалдағымның гүлі мынадай болып ашылады деп, суреттерін ұстап жүретін еді. Күзде сатылған қызғалдық көктемге дейін бірнеше рет саудаланып кететін еді. Не керек, қызды – қыздымен әлі жоқ қызғалдақтың пиязшықтары да сатылып кетіп жатты. Уақыт өте бағбандар аз уақыт ішінде алдын ала сатып тастаған көлемдегі қызғалдақты өсіріп шығара алмайтыны белгілі болды. Адамзат тарихында алғаш рет қызғалдақтың кесірінен қаржы дағдарысы пайда болды. Мұны әлем тарихшылары «Қызғалдақ безгегі» деседі.

Ал Германияда қызғалдақты қадірлемеді. «Немістер әрқашан қызғалдаққа салқын қарады және сиқысыз сыра ыдысын келемеждеп «Тюльпе» деп атады» деп жазады Н.Ф.Золотинский [4-5].

Англия болса қызғалдаққа ақындық көзбен қарап, ертегілерінде бұл гүл кішкентай эльфтер мен басқа да ұсақ кейіпкерлері үшін қиял-ғажайып бесік қызметін атқарған. Девонширде кең таралған періштелер жайлы ертегіде, балаларына бесік болмай, оларды түнде қызғалдақ гүліне жатқызғаны, онда оларды жел тербетіп ұйықтатқаны жайлы айтылады.

Ал өзінің нағыз отаны Қазақстан жер аумағында жабайы өсетін қызғалдақтар ежелден сүйікті гүл болып саналады. Оған археологиялық зерттеулер нәтижелері, әртүрлі тарихи мерзімде тіршілік еткен халық мәдениетінің ежелгі үлгілерінің табылуы куә. Бұған дәлел ретінде Жетісудағы (б.з.д. VI-IV ғ.) Теңдік қорғанынан табылған «Алтын қызғалдақ» (1-сурет) дәлел болады. Бұл алтынмен безендіріліп, жасалынған қызғалдақтарды Алматы қаласындағы Археология институтынан көре аласыздар [6-7].

Мұсылмандарда қызғалдақ – жұмақ гүлі болып есептеледі. Қызғалдақ – Қазақстанда ежелден сүйікті гүл. Оған көптеген археологиялық қазба жаңалықтары куә. Қазақстандағы археологиялық зерттеулер нәтижесінде «Теңдік» (Жетісу) қорғанынан біздің заманымызға дейінгі III-II ғасырлардығы сақ патшалары мен көсемдердің киімдерінен қызғалдақ тәрізді оюмен әшекейленген жалпақ алтын тіліктер табылды.

Қазіргі таңда біздің мемлекетіміздің территориясында кездесетін барлық жабайы өсетін қызғалдақтардың таралуы туралы ақпараттар бар.

Жабайы өсетін қызғалдаққа тек ғалымдар ғана емес, табиғат сұлулығын сүйетін барша халықтар құмар. Біздің еліміздегі жабайы өсетін шөптесін өсімдіктердің ішіндегі ең әдемісі қызғалдақ деп сеніммен айтуға болады. Ешқандай гүл құмарлықтың аңыз бен тарих тақырыбына айналуға қызғалдаққа теңесе алмайды. Өкінішке орай, қызғалдаққа деген осындай сүйіспеншілік оны құрып кетуден сақтай алмай отыр. Олардың саны әртүрлі жағдайларға байланысты, соның ішінде адамның бақылаусыз әрекеті әсерінен азайып барады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Флора Казахстана. - Алма-Ата, 1958. - 2 том. - 199. – 217 с.
2. Байтенов М.С. Флора Казахстана: Иллюстрированный определитель семейств и родов. - Алматы, 1999. – Т. 1 - 400 с.
3. Байтенов М.С. Флора Казахстана. Родовой комплекс флоры. – Алматы, 2001. - Т. 2. – 280 с.
4. Абдуллина С.А. Список сосудистых растений Казахстана. - Алматы, 1999. – 116 с.
5. Красная книга Казахской ССР. Часть 2. Растения. – Алма-Ата, 1981. -С. 24-31.
6. Воронин В.В.Тюльпаны степей и гор. - Алма-ата, 1987. – 224 с.
7. Иващенко А. А.Тюльпаны и другие луковичные растения Казахстана. - Алматы, 2005. – 192 с.

Махшатов Фарица

7M01513 – Биология мамандығының 2-курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ЖОБАЛЫҚ ҚҰЗЫРТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ПРАКТИКАСЫ

«Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» білімгерлердің зерттеу жұмыстары оқу үдерісінің жалғасы және тереңдетілуі екендігі көрсетілген .

Болашақ мұғалімдерді сапалы кәсіби даярлауда білімгерлер құзіреттілігін қалыптастыруда әр-түрлі іс-әрекеттер арқылы әсіресе мемлекеттің жоғары оқу орындарына міндеттеп отырған тиімді ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігін келтіруге болады. Жоғары білімді дамытудың тұжырымдамасына сәйкес жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды дайындауда білім беру, іскерліктерін қалыптастырып қана қоймай, өз білімін жетілдіруге қабілеттерін дамыту, шешім қабылдауға, білімін практикада қолдана білуге дайындау. Қазіргі таңда білімгерлерді жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеу жұмыстарына бағыттау жүйесі бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Білімгерлердің оқу, ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерінің өзара байланысты іске асырылуының маңыздылығы күнге-күнге арта түсуде.

Білімгерлерді ғылыми зерттеуге даярлау, ғылыми зерттеу нәтижелерін оқыту арқылы педагогикалық біліктілік шеңберін қалыптастыру мәселелерімен О.А. Абдуллина, Р.Ч. Бектурганова, К.Ж. Бұзаубақова, З.А. Демченко, С.П. Арсенова т.б. ғалымдар айналысуда [1-2].

О.А. Абдуллина «Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования» атты еңбегінде бірінші, соңғы курс білімгерлерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына даярлаудың кезеңдерін атап көрсетті. Әуелі білімгерлерді кафедраның, оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, зерттеу бағыттарытақырыптарымен таныстырады. Екінші кезеңде пәндер бойынша зерттеу жұмысы ұйымдастырылады. Үшінші кезеңде жеке, топтық зерттеу жұмыстары ұйымдастырылады, ғылыми жоба жұмыстарымен айналысады, нәтиже алады, өз тұжырымдарын ұсынады [3, 121

б.]. К.Ж.Бұзаубақова қазіргі кезеңде педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың жаңа бағытта жүргізіліп жатқандағын және оған зерттеу іс-әрекетінің байланысын көрсетті: рефлексия → ғылыми зерттеу → практика → рефлексия [4, 150 б.].

Жоғары педагогикалық білім беру сапасы педагогикалық жоғары оқу орындары практикасына жаңа педагогикалық технологияларды енгізгенде артады. Педагогикалық жоғары оқу орындарында білім беру үдерісін технологиялық қамтамасыз етуде пән туралы ақпараттар көлемін арттыру және ғылыми негіздегі оқыту пәндерін оңтайландыру және жүзеге асыруды қамтамасыз ету, болашақ мамандардың білім беру технологияларын қолдану мен білім беру үдерісіне белсенді әдістерді қолдану дағдыларын меңгеру т.б. бағыттарын қамтиды.

Білім алушы өзінің практикалық әрекетінде алдына қойған мәселенің шешімін тауып, нәтижесін көру үшін ізденеді, игерген теориялық білімінің маңызын байқайды. Аталған үдеріс білімгердің әртүрлі мәселелерді шешудің әдіс-тәсілін игеруіне мүмкіндік жасайды, іскерлік қабілеттерін қалыптастырады. Жобалау әдісі мәселені білімі мен іскерлігін пайдалана отырып шешуде, нәтижесін болжауда, болжау бағытын айқындауда өте тиімді болып табылады. Оқу үрдісін толығымен жобалап оқытуға көшіру мүмкін емес екендігі белгілі. Оқу-жобалық әдістер жоғары оқу орындарында биологиялық білім жүйесін құрудың перспективалы бағыты болып табылады. Бірақ білім беруде жобалық әдістерді қолдану аз зерттелген мәселе.

Жобалық іс-әрекетті қалыптастыру мен дамытуға назар аударған отандық және шетелдік ғалымдар: Э.Ө. Сағындықова, А.А. Сатбекова, Ш.Т. Таубаева, Қ.Жұмағұлова, К.К. Мұхамбетжанов, М.Қ. Құрманалиев; А.П. Тряпыцина, В.С. Леднев, Н.А. Масюкова, П.С. Цыбикова [6].

Жобалау технологиясы жеке тұлғаға дербес бағдарланған технологиялардың бірі. Бұл технология білімгерлердің дербестігін, ынталылығын, шеберлігін, шығармашылық, ғылыми ізденушілік қабілетін дамытуға ықпал етеді. Жобалау технологиясы ХХ ғасырдың 20 жылдарында АҚШ-та жарық көрді. Оның негізгі идеяларын Дж.Дьюи мен У.Килпатрик (1918) жасады [7]. Жобалау технологиясының негізгі идеяларына мыналар жатады: білімгер өзі таңдаған әрекетті жоғары қызығушылықпен орындайды; шынайы

оқыту ешқашан да бір жақты болмайды, қосымша берілетін мәліметтер де өте маңызды болып табылады; іс-әрекет тек пән саласында ғана құрылмайды.

Карл Фрейд жобаға қатысушылардың негізгі міндеттері ретінде мыналарды атап көрсетті:

- жобаға қатысушылар жобалау бастамасын дамыта отырып, оны басқалардың назарында болуын қамтамасыз етеді;

- жобалау бастаманың ары қарай дамуына ықпал етеді;

- оқыту түрі туралы бір-бірімен келіседі;

- жобалау бастамасын дамыта отырып, оны басқалардың назарына алуын қамтамасыз етеді;

- өздерін іс-әрекетке дайындайды, ұйымдастырады;

- бір-біріне жұмыс барысы туралы ақпараттар беріп отырады;

- пікірталастарға қатысады;

- жоба жұмысының қорытындысы туралы алдын-ала болжай алады;

- зерттеу барысындағы түрлі құбылыстарға түсінік бере алады.

Қазіргі уақытқа дейін «жобалау» ұғымы іс-әрекетіне түсініктеме беретін ортақ анықтама жоқ. Жобалау іс-әрекетін нақтылайтын мынадай түсініктемелер бар:

- педагогикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерінің жүзеге асуын реттеп отыру құралы;

- базалық теориялық білімдерді меңгеруге арналған оқытуды дамытудың типі

- бұрын кездеспеген пайдалы да жаңа бір шығармашылық іс-әрекет;

- адамның алдында тұрған мақсатты іс-әрекеттің ерекше түрі;

- сипаттаманың мәнін түсінуге арналған өзіндік зерттеу әрекеттері және т.б.

«Педагогикалық жоба құру және жүзеге асыру үрдісі, тұлғаны дамытудың ерекше жолы, оқыту технологиясы» сияқты түсінік берушілер де бар. О.И. Газман «Қазіргі таңда жобалау әдістерімен оқыту үрдісі оқытудағы жобалауға немесе жобалау негізіндегі оқыту, сонымен бірге тәрбиелеу жүзеге асырылуда», В.М. Монахов «Жобалау негізіндегі білім беруге көшу жүзеге асырылуда» деген пікірлер айтқан.

Жобалай оқыту технологиясы кәсіби мамандығына байланысты маңызды мәселелердің туындап отыруын талап етеді. Бұл мәселелер болашақ маманның танымдық, рухани ой-өрісін дамытуға, мамандығына икемделуіне мүмкіндік жасауы қажет. Мәселені шешуде білімгер оның қалай орындалғандығын көріп қана қоймай, оның нәтижесін басқа зерттеулерде, басқа мәселелерді шешуде пайдалануға болатындығына көз жеткізуі тиіс. Мәселе мен оның практикалық тұрғыдан іске асуының қарым-қатынасы жобалау әдісінің білім беру жүйесіндегі басты ерекшелігін көрсетеді. Біз жобалау әдісінің мақсаты мен міндеттеріне орай оқу-тәрбие үдерісіндегі оқу жобасын қолдандық. Аталған жобалап оқыту арқылы білімгерлердің игерген теориялық білімі мен практикалық іскерлігін көруге болады. Білім алушылар сыни ойлай білуге, ғылым заңдылықтарына сүйене отырып, өз пікірін білдіруге, ғылыми тұжырымдар жасай білуге, дәлелді шешімдер қабылдауға үйренеді. Жобалау әдісі басқа оқыту әдіс түрлерімен кешенді жүйе құра отырып, іске асырылады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Бектурганова Р.Ч. Информатизация исследовательской деятельности учащихся в системе профессионально педагогического образования: дисер. д.п.н., 13.00.08.- Караганда, 2004.-211с.
2. Демченко З.А. Научно-исследовательская школа студента исследователя // Высшее образование в России, 2010. — № 12. — С. 155–158.
3. Арсенова С. П. Формирование исследовательских умений студентов в системе их профессиональной подготовки: дис. канд. пед. наук. - М., 1990.
4. Сатбекова А.А. Жобалай оқыту технологиясының негізі мен тұжырымдамасы // Ұлт тағылымы. – 2011. - №2. – 40-44 б.
5. Таубаева Ш.Т. Оқытуың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. -1999. - №4. 5-12 бб.
6. Жұмағұлова Қ., Талдыбай А. Жобалық және оқу-зерттеушілік іс-әрекеттер // Биология және сауаттылық негізі. – 2016. - №3 (81). – Б. 3-5.

Нысанбайқызы Нарқыз

7M01513 – Биология мамандығының 2-курс магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАН ФЛОРАСЫНДАҒЫ ЖАСАҢШӨПТЕР ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ (*CRASSULACEAE* DC.) ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

